

Мәслихаттың 2014 жылғы 28 наурыздағы № 236 "Қостанай облысы Меңдіқара ауданы Михайлов ауылдық округінің бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу қағидасын және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Меңдіқара ауданы мәслихатының 2020 жылғы 15 мамырдағы № 376 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 15 мамырда № 9190 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Меңдіқара ауданы мәслихатының 2022 жылғы 28 сәуірдегі № 113 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Меңдіқара ауданы мәслихатының 28.04.2022 № 113 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 39-3-бабы 6-тармағына сәйкес Меңдіқара аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Мәслихаттың "Қостанай облысы Меңдіқара ауданы Михайлов ауылдық округінің бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу қағидасын және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы" 2014 жылғы 28 наурыздағы № 236 шешіміне (2014 жылғы 15 мамырда "Меңдіқара үні" газетінде жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4642 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің қазақ тіліндегі тақырыбы жаңа редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі тақырып өзгермейді:

"Қостанай облысы Меңдіқара ауданы Михайлов ауылдық округінің бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің қағидаларын және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауылдар тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы";

көрсетілген шешімнің қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Мәслихаттың "Қостанай облысы Меңдіқара ауданы Борков ауылдық округінің бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу қағидасын және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл тұрғындары өкілдерінің

сандық құрамын бекіту туралы" 2014 жылғы 28 наурыздағы № 229 шешімінің (2014 жылғы 15 мамырда "Меңдіқара үні" газетінде жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4641 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы
Аудандық мәслихаттың хатшысы

П. Лебедев
К. Арыков

Мәслихаттың
2020 жылғы 15 мамырдағы
№ 376 шешіміне
қосымша

Мәслихаттың
2014 жылғы 28 наурыздағы
№ 236 шешіміне
қосымша

Қостанай облысы Меңдіқара ауданы Михайлов ауылдық округінің жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауылдар тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы

Елді мекеннің атауы	Қостанай облысы Меңдіқара ауданы Михайлов ауылдық округінің ауылдар тұрғындары өкілдерінің саны (адам)
Қостанай облысы Меңдіқара ауданы Михайлов ауылдық округінің Михайловка ауылының тұрғындары үшін	122
Қостанай облысы Меңдіқара ауданы Михайлов ауылдық округінің Архиповка ауылының тұрғындары үшін	67
Қостанай облысы Меңдіқара ауданы Михайлов ауылдық округінің Степановка ауылының тұрғындары үшін	112
Қостанай облысы Меңдіқара ауданы Михайлов ауылдық округінің Борки ауылының тұрғындары үшін	60
Қостанай облысы Меңдіқара ауданы Михайлов ауылдық округінің Татьяновка ауылының тұрғындары үшін	6